



АО «Транстелеком»

**«Транстелеком» АҚ
Басқарма Төрағасының
БҰЙРЫҒЫМЕН бекітілген
«21» тамыз 2025 жыл
№ ТТС/41-ПП**

**«Транстелеком» АҚ-ның құпиялылық
туралы хабарламасы**

атауы

Қолданысқа енгізілген
21 тамыз 2025 жылдан бастап

Әзірледі/Қайта әзерледі
«Ақпараттық қауіпсіздік»
бағытының Жетекшісі
Алимжанов Т.К.

Астана, 2025 жыл

1. Жалпы ережелер.

1.1. «Транстелеком» акционерлік қоғам, БИН: 991140001226 (бұдан әрі – Қоғам) әрбір адамның жеке өміріне қол сұғылмау құқығына құрметпен қарайды және дербес деректерді қорғау бойынша міндеттемелерді өз мойнына алады. Қоғам осы Құпиялылық туралы хабарламада (бұдан әрі – Хабарлама) көрсетілген мақсаттарға сәйкес, қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдана отырып, дербес деректер субъектілерінің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етеді.

1.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) (сілтеме № 1) қатаң сәйкестікте дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады.

1.3. Осы Хабарлама дербес деректердің иелерінің, жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – Субъектілер), дербес деректерін жинау, сақтау, пайдалану, беру және өзге де өңдеу тәртібін реттейді. Бұл санатқа, бірақ тек олармен шектелмей: Қоғаммен шарт жасасқан клиенттер мен абоненттер, қызметтерге, кеңес алуға, қосылуға, жазылуға, қолдауға және т.б. жүгінген кезде деректерін ұсынған тұлғалар; Қоғамның сайттарын, сервистері мен мобильді қосымшаларын (бұдан әрі – Веб-ресурстар) пайдаланушылар кіреді.

1.4. Осы Хабарлама Қоғам жүзеге асыратын кез келген дербес деректерді өңдеуіне қолданылады, деректердің алыну тәсіліне қарамастан – Веб-ресурстар, телефон қоңыраулары, электрондық пошта, мессенджерлер, жеке кездесу немесе өзге де тәсілдер арқылы. Сонымен қатар, Қоғамның бизнес-клиенттерімен ақпаратты өңдеу тәртібін реттейтін жеке қызмет көрсету шарттары болуы мүмкін.

1.5. Осы Хабарлама Қоғам мен дербес деректер Субъектісі арасында жасалатын кез келген шарттардың, келісімдердің, өтінімдердің және басқа да құжаттардың ажырамас бөлігі болып табылады және Қоғам деректерді өңдейтін барлық тұлғаларға қолданылады.

1.6. Қоғамның Веб-ресурстарын пайдалана отырып, сондай-ақ өз дербес деректерін басқа тәсілдермен ұсыну арқылы дербес деректер Субъектісі осы Хабарламамен танысқанын растайды да, өз дербес деректерін осы Хабарламада белгіленген көлем мен шарттарда өңделуіне саналы, ерікті және ақпараттандырылған келісімін береді.

1.7. Егер дербес деректер Субъектісі осы Хабарламаның шарттарымен келіспесе, ол Веб-ресурстарды пайдалануды тоқтатуға және/немесе өз дербес деректерін Қоғамға ұсынудан бас тартуға міндетті.

1.8. Қоғам дербес деректерді өңдеу жөніндегі ішкі процестерге немесе заңнама талаптарына сәйкес болу үшін алдын ала ескертусіз кез келген уақытта осы Хабарламаға өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады. Хабарламаның өзекті нұсқасы әрқашан Қоғамның веб-сайтында қолжетімді.

2. Терминдер, қысқартулар және анықтамалар.

№ п/п	Терминдер қысқартулар	және Анықтамалар
1.	Хабарлама	«Транстелеком» акционерлік қоғамында бекітілген Құпиялылық және дербес деректерді қорғау туралы хабарлама.
2.	Қоғам	«Транстелеком» АҚ.
3.	Субъект	Қоғам өңдейтін дербес деректеріне қатысты және осы мәліметтердің негізінде тікелей немесе жанама түрде айқындалатын жеке тұлға. Осы Хабарлама шеңберінде дербес деректер субъектілеріне мыналар жатады: 1. телекоммуникация қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан жеке тұлға, оған қоса заңды тұлғаның өкілі, және сол мақсат үшін бөлінетін абоненттік желі, абоненттік нөмір және (немесе) сәйкестендіру коды; 2. Қоғамға тиесілі интернет-сайттарды, ақпараттық жүйелерді, мобильді қосымшаларды және чат-боттарды пайдаланатын, 18 жасқа толған, әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жеке тұлға (пайдаланушы); 3. іскерлік өзара қатынас барысында дербес деректері ұсынылған заңды тұлғалардың өкілдері; 4. Қоғам заңды негізде дербес деректерін өңдейтін басқа да жеке тұлғалар.
4.	Заң	«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
5.	Дербес деректер	Дербес деректер субъектісіне қатысты, оны тікелей немесе жанама түрде айқындауға мүмкіндік беретін, электронды, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер.
6.	Веб-ресурстар	Қоғамға тиесілі интернет-сайттар, ақпараттық жүйелер, мобильді қосымшалар

		және чат-боттар, оның ішінде бірақ олармен шектелмей, келесі ресурстарды қамтиды: 1. https://ttc.kz , https://cabinet.ttc.kz , https://cloud.ttc.kz , https://ofd.ttc.kz , https://ofd1.kz , https://partners.ttc.kz , https://support.ttc.kz/ ; 2. @MyTTC_bot, @transtelecom_bot; 3. MyTTC, TTC TV Home.
7.	Тізбе	«Транстелеком» АҚ жинайтын және өңдейтін, Субъектіге қатысты деректер тізбесі, оның ішінде дербес деректер мен Субъектіге қатысты кез келген өзге де мәліметтер (Қосымша 1).
8.	Үшінші тұлға	Субъект, иеленуші және (немесе) оператор болып табылмайтын, бірақ дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау мәселелері бойынша олармен (онымен) белгілі бір жағдайлар немесе құқықтық қатынастар арқылы байланысты тұлға.
9.	Дербес деректерді жинау	Дербес деректерді Субъектіден немесе үшінші тұлғалардан алуға бағытталған әрекеттер.
10.	Дербес деректерді өңдеу	Автоматтандыру құралдарын қолдана отырып не оларды қолданбай, дербес деректермен жүзеге асырылатын әрекеттер: жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жою.
11.	Cookie (куки)	Бұл веб-сайтқа кірген кезде браузерде сақталатын шағын мәтіндік файл. Ол келесі ақпаратты қамтуы мүмкін: пайдаланушының бірегей идентификаторы, кіру күні мен уақыты, параметрлер (мысалы, тіл таңдауы), сайттағы әрекеттер, кіру деректері.

3. Жиналатын деректер тізбесі.

3.1. Қоғам пайдаланылатын ресурсқа, жүгіну сипатына және өзара қарым-қатынас мақсаттарына байланысты Субъектінің келесі дербес деректер санаттарын жинауға және өңдеуге құқылы:

3.1.1. Идентификациялық және байланыс деректері – Субъектінің жеке басын анықтауға және өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мәліметтер, оның ішінде аты-жөні, байланыс ақпараты және сипаттайтын өзге де мәліметтер;

3.1.2. Жалпы (әлеуметтік-демографиялық ақпарат) – Субъектінің жасы, жынысы, тілі және басқа да жеке сипаттамаларды көрсететін деректер;

3.1.3. Мекенжай деректері – Субъектінің орналасқан жері туралы ақпарат, оның ішінде тұрғылықты мекенжайы немесе сервистерге қосылған мекенжай;

3.1.4. Операциялық және шарттық деректер – Субъектінің мүлдіктік немесе кәсіпкерлік қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ қызметтерді сатып алу және пайдалану тарихы;

3.1.5. Пайдаланушының белсенділігі мен құрылғысы туралы деректер – Субъектінің цифрлық сервистерді пайдалануы кезінде автоматты түрде жиналатын техникалық және мінез-құлықтық ақпарат (мысалы, құрылғы туралы мәліметтер, сайттағы әрекеттер, cookie файлдары және т.б.);

3.1.6. Қорытындыларды қалыптастыру немесе аудиторияны (клиенттерді) сегменттеу – жиналған деректерді, соның ішінде мінез-құлық профильдері мен пайдаланушы қалауларын өңдеу нәтижесінде алынған талдамалық ақпарат;

3.1.7. Биометриялық деректер – бұл жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін пайдаланылатын бірегей физикалық сипаттамалар (мысалы, дауыс, бейнебақылау жазбалары).

3.2. Телекоммуникациялық және өзге де қызметтер көрсету кезінде Қоғам жинайтын және өңдейтін дербес деректердің Тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) Заңының талаптарына сәйкес, заңдылық, адалдық, ашықтық, деректердің дәлдігі мен өзектілігін қамтамасыз ету, дербес деректер субъектісінің құқықтары мен бостандықтарын сақтау қағидаттарына сүйене отырып әзірленген. Нақты қызметтер шеңберінде өңделетін дербес деректердің толық тізбесі осы Хабарламаның 1-қосымшасында көрсетілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

3.3. Пайдаланушының белсенділігі мен құрылғысы туралы техникалық деректер Қоғаммен тек цифрлық ресурстарға қолжетімділікті және пайдалануды талдау; құрылымын, интерфейсін және мазмұнын оңтайландыру; сервистердің өнімділігі мен қауіпсіздігін арттыру; техникалық ақауларды анықтау және теріс пайдаланудың алдын алу мақсатында қолданылады.

3.4. IP-мекенжай және пайдаланушының өзге де дербес ақпараты сияқты техникалық деректердің арасындағы байланыс үшінші тұлғаларға жария етілмейді, бұл тек Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3.5. Шарттарды жасасу және орындау мақсатында Субъект өзіне, ұйымға, сондай-ақ өзінің атынан әрекет ететін ұйым өкілдеріне қатысты ақпаратты ұсына алады. Мұндай мәліметтер, осы Хабарламаның 1-қосымшасында келтірілген дербес деректерді қамтиды. Назар аударыңыз: егер ұйым туралы ақпарат пен оның реквизиттері жеке тұлғаны тікелей немесе жанама түрде айқындауға мүмкіндік бермесе, онда ол дербес деректерге жатпайды.

және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзге нормаларына сәйкес өңделеді.

3.6. Жеке тұлға жеке кәсіпкер (бұдан әрі – ЖК) ретінде не оның атынан әрекет еткен жағдайда, Қоғам осы Хабарламаның 1-қосымшасында көзделген ақпаратты, соның ішінде ЖК жеке тұлға ретінде айқындалатын дербес деректерді өңдеуге құқылы. Мұндай өңдеу шарт жасасу және орындау шеңберінде, сондай-ақ дербес деректер субъектісінің келісімі негізінде жүзеге асырылады, Заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда.

3.7. Дербес деректердің Тізбесі Заңның немесе Қоғамдағы технологиялық процестер мен бизнес-модельдердің өзгеруіне, көрсетілетін қызметтер тізбесінің кеңеюі немесе өзгеруіне байланысты қайта қаралуы, толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Тізбенің жаңартылған нұсқасы осы Хабарламаға өзгеріс түрінде ресімделеді және Қоғам Басқарма Төрағасы бұйрығымен бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

4. Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттары.

4.1. Дербес деректерді өңдеу Қоғаммен келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

4.1.1. Субъектіні Қоғамның Веб-ресурстарында тіркеу, аутентификациядан өткізу және пайдалану кезінде айқындау;

4.1.2. Қоғам мен Субъект арасында шарттар, келісімдер, өтінімдер, тапсырыстар және өзге де міндеттемелерді жасасу және орындау;

4.1.3. Қоғам сервистері көздейтін цифрлық өнімдердің функционалына, Веб-ресурстарға және басқа да мүмкіндіктерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;

4.1.4. Субъектімен кері байланыс пен коммуникацияны жүзеге асыру, оның ішінде хабарламалар жіберу, сұрауларға жауап беру, ақпараттық және жарнамалық материалдарды кез келген байланыс арналары арқылы (соның ішінде телефон қоңыраулары, SMS, мессенджерлер және электрондық хаттар) жолдау;

4.1.5. Қоғам қызметтерін пайдалану барысында туындайтын өтініштерді, шағымдарды және наразылықтарды қарау, сондай-ақ даулар мен жанжалдарды реттеу;

4.1.6. Қоғамның Веб-ресурстарын пайдалану кезінде туындайтын ақаулар, қателер мен өзге де мәселелер бойынша клиенттік және техникалық қолдауды қамтамасыз ету;

4.1.7. Ұсынылған дербес деректердің шынайылығы мен өзектілігін тексеру, қажет болған жағдайда ақпаратты нақтылау;

4.1.8. Көрсетілетін тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сапасын жақсарту, пайдаланушы тәжірибесін талдау, жаңа өнімдер, функциялар мен ұсыныстарды әзірлеу;

4.1.9. Ішкі процестердің тиімділігін арттыру және бизнес-операциялардың сапасын бақылау, оның ішінде персоналды оқыту және қызмет көрсетуді автоматтандыру;

4.1.10. Маркетингтік, статистикалық және аналитикалық қызметті жүргізу, соның ішінде Субъектілердің мінез-құлқын, сервистердің тиімділігін, жарнамалық науқандар мен қанағаттанушылық деңгейін зерттеу;

4.1.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде бухгалтерлік есепте пайдаланылатын бастапқы құжаттарды сақтау және есепке алу мақсатында;

4.1.12. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықты, заңбұзушылықтарды және құқыққа қайшы әрекеттерді анықтау, олардың алдын алу және тергеу;

4.1.13. Өзге тұлғалар тарапынан алаяқтық және құқыққа қарсы әрекеттер тәуекелдерін азайту мақсатында жеке басын сәйкестендіру және растау рәсімдерін жүргізу;

4.1.14. Есепке алу жүйелерін, деректер базаларын, ішкі клиенттік және операциялық құжаттаманы жүргізу;

4.1.15. Субъектілердің қызығушылықтары мен артықшылықтарына негізделген жекелендірілген ұсыныстарды қалыптастыру және мақсатты жарнама ұсыну;

4.1.16. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұрауларын орындау.

4.2. Дербес деректерді өңдеу және пайдалану, сондай-ақ Субъектпен жасалған Қоғамның жария шартының талаптарын орындау мақсатында жүзеге асырылады. Мұндай шарт шеңберінде Субъект өз дербес деректерін Қоғамның шарттық міндеттемелерін орындау үшін үшінші тұлғаларға – соның ішінде қызмет жеткізушілерге, мердігерлерге, серіктестерге және өзге де уәкілетті өкілдерге берілуі мүмкіндігі туралы хабардар екенін растайды.

4.3. Дербес деректерді беру Заңның талаптарын сақтай отырып және шарттық міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті көлемде ғана жүзеге асырылады.

5. Cookie файлдарын басқару.

5.1. Қолданушы деректерін сақтау үшін Қоғам Веб-ресурстары HTTP-cookie пайдаланады. Cookie файлдар негізгі (Қоғам сайтымен жасалған) және үшінші тараптардың файлдары (мысалы, Google Analytics) болуы мүмкін.

5.2. Қоғам келесі cookie түрлерін пайдалана алады:

5.2.1. Функционалдық – пайдаланушы баптауларын (тіл, өңір, логин және т.б.) есте сақтайды;

5.2.2. Міндетті – сайттың дұрыс жұмыс істеуі, жеке кабинетке кіру және навигация үшін қажет;

5.2.3. Маркетингтік – пайдаланушы тәжірибесін жақсарту және мақсатты жарнама көрсету үшін қолданылады;

5.2.4. Аналитикалық – пайдаланушы сайтты қалай пайдаланатынын талдауға мүмкіндік береді (Google Analytics және басқа құралдар арқылы), интерфейс пен контентті жақсарту үшін пайдаланылады.

5.3. Cookie параметрлерін келесі тәсілдермен кез келген уақытта өзгертуге болады:

5.3.1. Сайт ішіндегі cookie баптау құралдарын пайдалану арқылы (егер Веб-ресурс бұл мүмкіндікті қарастырса);

5.3.2. Браузер параметрлерінде cookie-ді жою, бұғаттау немесе рұқсат ету арқылы;

5.3.3. Үшінші тарап кеңейтімдері немесе блоктау плагиндері арқылы.

5.4. Кейбір cookie-лерді өшіру сайттың жұмыс істеуіне және кейбір бөлімдерге қолжетімділікке әсер етуі мүмкін екенін ескеріңіз.

5.5. Қоғам үшінші тарап платформаларын және аналитикалық құралдарды (мысалы, Google Analytics және т.б.) пайдалана алады, олар өздерінің cookie файлдарын орнатып, сайтты пайдалану бойынша иесіздендірілген статистиканы өңдейді. Бұл деректер пайдаланушы келісімісіз сол тұлғаны айқындау үшін пайдаланылмайды және тиісті провайдерлердің құпиялылық саясаттарына сәйкес өңделеді.

5.6. Веб-ресурстарды пайдалана отырып, пайдаланушы cookie файлдарын құрылына орналастыруға, оларды сақтауға және оларға қол жеткізуге, сондай-ақ IP-мекенжайлар мен веб-ресурстарды пайдалану туралы дербес деректерді жинау мен өңдеуге рұқсат етеді. Бұл деректерге пайдаланушы құрылғысы, браузер түрі, қолжетімділік түрі және орналасқан жеріңіз туралы ақпарат кіруі мүмкін.

5.7. Сайтқа алғаш кірген кезде кіруші cookie файлдарын пайдалануға қосымша келісімін cookie баннері арқылы бере алады. Сондай-ақ, өз келісімін кез келген уақытта өзгертуге немесе кері қайтарып алуға құқығы бар.

6. Дербес деректерді өңдеу қағидаттары мен сақтау мерзімдері.

6.1. Дербес деректерді өңдеу Заңға сәйкес жүзеге асырылады және келесі қағидаттарға негізделеді:

6.1.1. Өңдеу заңды негіздерде және Қоғамның өкілеттігі шеңберінде жүргізіледі;

6.1.2. Дербес деректер адал, ашық және дербес деректер субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтей отырып өңделеді;

6.1.3. Өңдеу мақсаттары алдын ала анықталған, нақты, заңды және дербес деректерді жинаудың мақсатына сәйкес болуы тиіс;

6.1.4. Өңдеу көлемі мен әдістері қойылған мақсаттарға жету қажеттілігімен шектелуі тиіс және деректерді шамадан тыс жинауға немесе мақсатына сай пайдаланбауға жол берілмейді.

6.2. Веб-ресурстарды пайдалану, сондай-ақ шарттық қатынастар аясында деректерді ұсыну осы Хабарламаға сәйкес деректерді жинауға және өңдеуге ерікті келісім беруді білдіреді.

6.3. Жеке деректер Қоғам мен Субъект арасындағы құқықтық қатынастар әрекет ететін бүкіл кезең ішінде өңделеді және оларды өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзім ішінде сақталады, егер Заңмен неғұрлым ұзақ сақтау мерзімі көзделмесе. Жеке деректерді өңдеу және сақтау кез келген тасымалдағыштарда (электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасымалдағыштарда) жүзеге асырылады.

6.4. Қолданыстағы Заңда жеке деректерді сақтау мерзімі нақты белгіленбегендіктен және арнайы нормативтік немесе шарттық талаптар болмаған

жағдайда, Қоғам жеке деректерді сақтау мерзімін стандартты түрде он (10) жыл деп белгілейді.

6.5. Өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгеннен кейін немесе сақтау мерзімі аяқталған соң, дербес деректер жойылуға немесе иесіздендіруге жатады, егер мұндай деректерді сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шарттық міндеттемелерді орындауға байланысты қажет болмаса.

7. Дербес деректерді беру және оларға қол жеткізу.

7.1. Дербес деректерге қолжетімділік тек Қоғамның өкілетті қызметкерлеріне, соның ішінде деректерді жинау және өңдеумен айналысатын филиалдардың құзыретті қызметкерлеріне ғана беріледі. Дербес деректерге қолжетімділік қызметкерлерге олардың лауазымдық міндеттеріне сәйкес және тек осы міндеттерді орындау үшін қажетті ең төменгі көлемде ғана беріледі.

7.2. Қызметкерлердің Қоғамның дербес деректерді қамтитын ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуі ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады және келесі негіздердің кемінде біреуі болуы тиіс:

7.2.1. Қызметкердің бекітілген лауазымдық нұсқаулықтары мен құзыреті шеңберіндегі міндеттерді орындауы;

7.2.2. Басқа қызметкердің міндеттерін уақытша орындауы (басшылықтың тапсырмасы бойынша, қызметтік жазба арқылы рәсімделеді);

7.2.3. Қоғам басшылығының ресми нұсқауын орындауы (бұйрық немесе өкім түрінде рәсімделеді);

7.2.4. Қоғам басшылығы жүктеген нақты тапсырманы орындауы (бұйрық немесе өкім арқылы рәсімделеді);

7.2.5. Дербес деректерді өңдеуге қатысты тапсырмаларды орындау үшін келісімшарт негізінде тартылған үшінші тұлғалардың (мердігерлердің, жеткізушілердің, серіктестердің) қатысуы.

7.3. Дербес деректерге қол жеткізген барлық тұлғалар Заңда және осы Хабарламада белгіленген құпиялылық режимін және өңдеу шарттарын сақтауға міндетті. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті көлемде ғана, келісім немесе өзге де құқықтық негіз негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

7.4. Қоғам дербес деректерді тек телекоммуникациялық және өзге де Қоғам көрсететін қызметтерді ұсыну мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңда тікелей көзделген жағдайларда немесе Субъектінің алдын ала, ерікті және хабардар етілген келісімі болғанда ғана үшінші тұлғаларға бере алады. Деректерді беру тек көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті көлемде және дербес деректердің құпиялылығы мен қорғалуына қойылатын талаптарды міндетті түрде сақтай отырып жүзеге асырылады.

7.5. Дербес деректер берілген барлық үшінші тұлғалар Заңға және олармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес құпиялылықты сақтау және дербес деректерді қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету міндетін алады.

8. Дербес деректерді қорғау шаралары.

8.1. Қоғам Субъектінің дербес деректерін заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан қорғау, сондай-ақ олардың құпиялылығын сақтау мақсатында барлық қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және құқықтық шараларды қолданады.

8.2. Дербес деректер қолданыстағы Заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қоғамның дерекқорларында сақталады.

8.3. Қолжетімділігі шектейлі дербес деректердің құпиялылығы Заңның талаптарына ордау арқылы қамтамасыз етіледі. Деректерді Субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімісіз таратуға, не өзге де заңды негіз болмаған жағдайда, жол берілмейді. Дербес деректерді қорғау бойынша барлық шаралар Заңға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.4. Пайдаланушы өз есептік деректерінің (логин, құпиясөз және т.б.) құпиялылығына қамтамасыз етуіне өзі жауапты. Егер дербес ақпаратты сақтау кезінде салғырттық танытылса, өзге тұлғалар рұқсатсыз сол мәліметтерге қол жеткізе алады. Мұндай қол жеткізу салдарынан келтірілген ықтимал шығындар үшін Қоғам жауапты емес.

8.5. Қоғам Субъектіге өзінің дербес деректерін беру кезінде сақ болуға және алаяқтық әрекеттерге мұқият қарауға қатаң түрде кеңес береді.

9. Дербес деректер Субъектісінің құқықтары.

9.1. Субъект дербес деректерді өзгертуге, толықтыруға, бұғаттауға және жоюға, сондай-ақ осы Хабарлама мен Субъект пен Қоғам арасында жасалған өзге де шарттардан, немесе келісімдерден туындайтын, Қоғам алдында орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда, дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға құқылы.

9.2. Келісімді қайтарып алу жазбаша түрде ресімделіп, тапсырыс хатпен немесе курьерлік жеткізу арқылы Қоғамның мекенжайына жолданады: Z05H9A7, Астана қ., Қонаев көш., 10 үй.

9.3. Жазбаша келісімнен бас тарту, өзгерту, толықтыру немесе бұғаттау туралы өтініш Қоғамға келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қаралады. Қоғам Субъекттің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және пайдалануды тоқтатуға, сондай-ақ оның Аккаунты мен Жеке кабинетін жоюға міндеттенеді.

9.4. Субъект сондай-ақ Қоғамнан және/немесе оның серіктестерінен жарнамалық және маркетингтік хабарламаларды алуға берген келісімін қайтарып алуға құқылы. Қайтарып алу рәсімі мен мерзімдері 9.2 және 9.3-тармақтарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады; өтініш жазбаша түрде ресімделіп, Қоғам мекенжайына жолданады: Z05H9A7, Астана қ., Қонаев көш., 10 үй.

10. Қорытынды ережелері.

10.1. Қоғам Субъектінің дербес деректері жинақталған мақсаттарға қол жеткізу, немесе Заңның талаптарын сақтау үшін қажетті уақыт аралығында ғана сақтайды.

10.2. Осы Хабарлама үшінші және өзге тұлғалардың дербес деректер мен ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету саясаты мен рәсімдеріне, соның ішінде қоғамның Веб-ресурстарында сілтемелері бар үшінші тұлғалардың қызметін қамтамасыз ететін өзге де рәсімдеріне қолданылмайды. Қоғам үшінші тарап сайттарындағы пайдаланушылардың ақпаратының құпиялылығына жауап бермейді. Веб-ресурстарда үшінші тарап сайттарына сілтемелерді көрсету Қоғам немесе аффилирленген тұлғалардың мұндай сайттарды қолдайтынын білдірмейді.

10.3. Қоғам Facebook, Apple, Google, Microsoft сияқты басқа компаниялардың, қолданба әзірлеушілерінің, қолданба жеткізушілерінің, әлеуметтік желілер платформаларын ұсынушылардың, операциялық жүйе жеткізушілерінің, сымсыз байланыс қызметтерін көрсетушілердің және құрылғы өндірушілерінің ақпаратты жинау, өңдеу, пайдалану және ашу саясатына (оның ішінде деректерді қорғау рәсімдеріне) жауап бермейді. Бұл басқа ұйымдарға Қоғамның пайдаланушылармен басқа қолданбалар арқылы, немесе Қоғамның әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы берген дербес деректерді де қамтиды.

10.4. Егер Қоғам 18 жасқа толмаған тұлғадан ақпарат жиналғанын анықтаса, мұндай ақпарат мүмкіндігінше қысқа мерзімде жойылады және бұл тұлғаның тиісті веб-ресурсқа қол жеткізуі шектелуі мүмкін.

10.5. Осы Хабарламаға қатысты сұрақтар, ескертулер немесе ұсыныстар бойынша Қоғамға infosec@ttc.kz электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.

11. Сілтемелер.

№	Құжаттың атауы
1.	Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы

12. Нысандар.

№	Нысандар атауы
1.	«Транстелеком» АҚ жинайтын және өңдейтін, Субъектіге қатысты деректер тізбесі, оның ішінде дербес деректер мен Субъектіге қатысты кез келген өзге де мәліметтер.
2.	Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім.

«Құпиялылық туралы хабарлама
АҚ «Транстелеком» қосымша 1

«Транстелеком» АҚ жинайтын және өңдейтін, Субъектіге қатысты деректер тізбесі, оның ішінде дербес деректер мен Субъектіге қатысты кез келген өзге де мәліметтер

Санаттар	Атауы	Дереккөзі	Жинау мен өңдеу мақсаттары
Идентификациялық және байланыс деректері (тұлғаны дұрыс сәйкестендіру / аутентификациялау / авторизациялау және байланыс орнату үшін, сондай-ақ сауалнамаларды толтыруға қажет мәліметтер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Тікелей дербес деректер субъектісінен	Телекоммуникация және Қоғамның өзге де қызметтерін көрсету мақсатында шарт жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау, сондай-ақ сервистердің функционалына қолжеткізуді қамтамасыз ету; Өнімдер мен қызметтер, жеке ұсыныстар, акциялар және жаңалықтар туралы хабардар ету; Төлемдерді жүзеге асыру, қайтарулар, шоттарды ұсыну және қаржылық есепке байланысты өзге де әрекеттерді орындау; Алаяқтық немесе заңсыз белсенділікті анықтау және жолын
	Тегі, аты, әкесінің аты өзгерісі туралы мәліметтер		
	Жеке басты куәландыратын құжаттың деректері (құжат атауы, нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі, берген орган, туған жері, ұлты)		
	Байланыс телефондарының нөмірлері (ұялы, үй)		
	Электрондық пошта		
	Жұмыс телефонының нөмірі (жеке тұлға заңды тұлғаның өкілі немесе байланыс тұлғасы ретінде әрекет еткен жағдайда көрсетіледі)		

	Корпоративтік электрондық пошта (жеке тұлға заңды тұлғаның өкілі немесе байланыс тұлғасы ретінде әрекет еткен жағдайда көрсетіледі)		кесу, ақпараттық және қаржылық қауіпсіздік деңгейін арттыру; Әр түрлі құрылғылар мен цифрлық платформалардағы тұтынушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, жарнамалық мазмұнды жекелендіру
Жалпы (әлеуметтік-демографиялық) ақпарат (субъектінің әлеуметтік жағдайына, демографиясына, тіліне және азаматтық мәртебесіне байланысты сипаттамаларын көрсететін жалпы Дербес деректер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді)	Жасы	Тікелей дербес деректер субъектісінен;	Өнімдер мен қызметтер, жеке ұсыныстар, акциялар және жаңалықтар туралы хабардар ету; Әр түрлі құрылғылар мен цифрлық платформалардағы тұтынушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, жарнамалық мазмұнды жекелендіру; Өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсарту, пайдаланушының мінез-құлқын талдау, маркетингтің тиімділігін бағалау және жаңа шешімдерді әзірлеу
	Туған күні	Сыртқы көздерден және үшінші тұлғалардан	
	Жынысы		
	Резиденттік мәртебесі		
	Қалаған тілі		

Мекенжай деректері (дербес деректер субъектісінің географиялық орналасуын анықтауға немесе оның тұрғылықты жеріне байланысты мәліметтер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Тұрақты/уақытша тұрғылықты мекенжайы	Тікелей дербес деректер субъектісінен; Веб-ресурстарды пайдалану кезінде автоматты түрде	Телекоммуникация және Қоғамның өзге де қызметтерін көрсету мақсатында шарт жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау, сондай-ақ сервистердің функционалына қолжеткізуді қамтамасыз ету; Өнімдер мен қызметтер, жеке ұсыныстар, акциялар және жаңалықтар туралы хабардар ету; Әр түрлі құрылғылар мен цифрлық платформалардағы тұтынушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, жарнамалық мазмұнды жекелендіру; Өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсарту, пайдаланушының мінез-құлқын талдау, маркетингтің тиімділігін бағалау және жаңа шешімдерді әзірлеу
	Қосылу нүктесінің мекенжайы		
	Пошталық мекенжай (индекс)		

Операциялық және шарттық деректер (Қоғам көрсететін қызметтерді ұсынуға, операцияларды жүзеге асыруға, шарттарды немесе басқа да заңды маңызды әрекеттерді дербес деректер субъектісінің қатысуымен жасасуға және орындауға байланысты мәліметтер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Жеке мүлік туралы жазбалар (тұрғылықты жерін/тіркелген орнын растайтын құжаттардан немесе тұрғын үйге меншік құқығын растайтын құжаттардан алынған мәліметтер, оның ішінде сатып алу-сату, жалға алу, жалдау, қосымша жалға алу шарттары)	Тікелей дербес деректер субъектісінен; Веб-ресурстарды пайдалану кезінде автоматты түрде; Сыртқы көздерден және үшінші тұлғалардан	Телекоммуникация және Қоғамның өзге де қызметтерін көрсету мақсатында шарт жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау, сондай-ақ сервистердің функционалына қолжеткізуді қамтамасыз ету
	Жеке/жекеше кәсіпкерді (ЖК) тіркеу туралы куәлік		
	Жұмыс орны туралы мәліметтер (лауазымы, құрылымдық бөлімшесі туралы деректер – жеке тұлға заңды тұлғаның өкілі немесе байланыс тұлғасы ретінде әрекет еткен жағдайда көрсетіледі)		
	Шарттардың (келісімдердің), оларға қосымша келісімдердің мәтіндері, өтініштер мен келісімдер		

	Хат алмасу, қолтаңбалар (қолмен немесе электрондық), мөрлер, факсимиле		
	Операцияларды жүргізу туралы нұсқаулар (төлем, кассалық және басқа да құжаттар)		
Пайдаланушының белсенділігі мен құрылғысы туралы деректер (сервистің жұмысын қамтамасыз ету, талдау және жекелендіру үшін пайдаланылатын техникалық және мінез-құлықтық деректер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Идентификаторлар және желілік деректер: құрылғының немесе прокси-сервердің IP-мекенжайы (динамикалық, статикалық, пулдар); құрылғылардың сериалық нөмірлері; МАС-мекенжай; Индекс интерфейсі (PPPoE); Логин (PPPoE)	Веб-ресурстарды пайдалану кезінде автоматты түрде	Телекоммуникация және Қоғамның өзге де қызметтерін көрсету мақсатында шарт жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау, сондай-ақ сервистердің функционалына қолжеткізуді қамтамасыз ету;
	Жүйелік ақпарат: браузер түрі мен нұсқасы; операциялық жүйе нұсқасы; құрылғы моделі, платформа түрі; интернет қосылым параметрлері; тіл мен аймақтық баптаулар		Өнімдер мен қызметтер, жеке ұсыныстар, акциялар және жаңалықтар туралы хабардар ету; Алаяқтық немесе заңсыз әрекеттерді анықтау және жолын кесу, ақпараттық және қаржылық қауіпсіздік

	Пайдаланушы әрекеттері туралы деректер (мінез-құлық деректері): кіру және іздеу тарихы; HTTP(S) тақырыптары, cookie файлдары, веб-маяктар (pixel tags); кіру күні мен уақыты; жүктелген файлдар; реферер мекенжайы (пайдаланушы келген бет); навигация және өзара әрекет (шертулер, айналдырулар, ауысулар, бетте болу уақыты және т.б.)		деңгейін арттыру; Әр түрлі құрылғылар мен цифрлық платформалардағы тұтынушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, жарнамалық мазмұнды жекелендіру
Клиенттер туралы қорытындыларды қалыптастыру немесе сегментациялау (қызметті жекелендіру және жетілдіру мақсатында веб-ресурстардағы пайдаланушылардың сатып алулары, қалаулары мен мінез-құлқы туралы деректер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Сатып алынған және/немесе қарастырылған өнімдер немесе қызметтер туралы жазбалар, сондай-ақ сатып алу, тұтыну немесе мінез-құлық тенденцияларының басқа тарихы Жеке профильдер, қалаулар, сипаттамалар және Веб-ресурстар пайдаланушыларының мінез-құлқы	Тікелей дербес деректер субъектісінен; Веб-ресурстарды пайдалану кезінде автоматты түрде; Сыртқы көздерден және үшінші тұлғалардан	Өнімдер мен қызметтер, жеке ұсыныстар, акциялар және жаңалықтар туралы хабардар ету; Алаяқтық немесе заңсыз әрекеттерді анықтау және жолын кесу, ақпараттық және қаржылық қауіпсіздік деңгейін арттыру; Әр түрлі құрылғылар мен цифрлық платформалардағы тұтынушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, жарнамалық мазмұнды жекелендіру

Биометриялық, визуалды және аудиодеректер (жеке басын сәйкестендіру және/немесе оқиғаларды тіркеу үшін пайдаланылатын мәліметтер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Бейнежазбалар	Тікелей дербес деректер субъектісінен; Веб-ресурстарды пайдалану кезінде автоматты түрде; Сыртқы көздерден және үшінші тұлғалардан	Ақпараттың, жүйелердің, сервистер мен пайдаланушылардың рұқсат етілмеген қолжетімділіктен, кибершабуылдардан және өзге де қауіптерден қорғалуын, сондай-ақ физикалық және ұйымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; Пайдаланушының жеке басының шынайылығын тексеру, алаяқтық әрекеттерге, заңсыз әрекеттерге талпыныстарды анықтау және теріс пайдаланулардан қорғау; Өтініштерді, шағымдарды, талаптарды қарау, сондай-ақ ықтимал дауларды шешу мақсатында; Сапаны бақылау және іскери үдерістерді жетілдіру, клиенттік тәжірибені жақсарту және ішкі үдерістердің тиімділігін арттыру
	Аудиожазбалар		
	Портреттік бейне (сандық фотосурет)		

«Құпиялылық туралы хабарлама
АҚ «Транстелеком» қосымша 2

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ

Мен, _____ (Т.А.Ә.), (бұдан әрі – Субъект) Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, осымен «Транстелеком» акционерлік қоғамға, БИН: 991140001226 (бұдан әрі – Қоғам) менің дербес деректерімді жинауға мен өңдеуге өз келісімімді беремін. Оған қоса Қоғамның қызмет көрсету аясына қатысатын үшінші тұлғаларға (мердігерлер мен өзге де сервистерді жеткізушілерге), Қоғамның сенім білдірілген тұлғалары мен заңды өкілдеріне, серіктестерге, инвесторлар, дилерлер, желі ұстаушыларына, аудиторлар, нотариустар, заң және қаржы консультанттарына, дерекқор операторлары, бұлтты және өзге де техникалық шешімдерді жеткізушілерге, ал сондай-ақ мәмілелерді, шарттарды, тапсырмаларды, бұйрықтарды, өкімдер мен тапсырыстарды жасасуды, орындауды және сүйемелдеуге тартылған өзге де заңды тұлғаларға, жеке деректер тек Қоғам мен менің (немесе менің өкілім болып табылатын тұлға) арамыздағы қазіргі немесе ықтимал шарттық қатынастар шеңберінде оларды орындау және сүйемелдеу мақсатында қажетті көлемде беріледі.

1. Осымен Субъект келесіні растайды:

1.1. Жеке деректерді ұсынған Субъект болып табылады және ұсынылған жеке деректердің дұрыстығын растайды;

1.2. Берілген телефон нөмірлеріне, мекенжайларға және электрондық пошта мекенжайына қатысты, сондай-ақ байланыс жасаудың басқа тәсілдеріне байланысты жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім беруге құқылы екенін растайды;

1.3. Қоғам жеке деректерді үшінші тұлғалар тарапынан алу және/немесе оларды үшінші тұлғаларға беру кезінде Субъектіні арнайы хабардар ету талап етілмейді және мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғаммен жеке хабарламасыз жүзеге асырылуы мүмкін;

1.4. Қоғамға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Субъектінің жеке деректеріне қатысты кез келген әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға құқық береді – автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы да, онсыз да. Атап айтқанда, жинау, жазу, өңдеу, жүйелеу, жинақтау, сақтау (Қоғамнан тыс жерде де, қауіпсіздік пен құпиялылық талаптарын сақтай отырып), нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, көшіру, резервтік көшіру, қорғау, скрининг, беру (қолжетімділік беру, тарату, үшінші тұлғаларға беру және трансшекаралық беру), иесіздендіру, бұғаттау, жою және жою, сондай-ақ бұл әрекеттерді Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, Қоғам атынан үшінші тұлғаларға тапсыртуға құқылы;

1.5. Қоғам Субъекттің жеке деректерін тікелей Субъекттің өзінен де, үшінші тұлғалардан да жинап (алып) және өңдеп, сондай-ақ оларды үшінші тұлғаларға (трансшекаралық беру арқылы қоса алғанда) беруі, ашық дереккөздерде таратуы,

электрондық, қағаз немесе басқа да материалдық тасымалдағыштарда пайдалануы мүмкін. Бұл деректер Қоғамның қызметі барысында және/немесе серіктестермен (Қоғам клиенттеріне қызмет көрсететін заңды немесе жеке тұлғалар) азаматтық-құқықтық немесе өзге де қатынастар шеңберінде белгілі болған немесе белгілі болуы мүмкін жағдайларда қолданылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

1.6. Егер Субъект (немесе ол өкілетті ететін тұлға) мен Қоғам арасында жасалған (немесе жасалуы мүмкін) шарт(тар)да Қоғам тарапынан жеке деректерді ашық байланыс арналары арқылы (траншекаралық беруді қоса алғанда) беру көзделсе, Субъект мұндай деректерге рұқсатсыз үшінші тұлғалардың қол жеткізуі мүмкін екендігін және ол үшін барлық тәуекелдерді өзіне саналы түрде қабылдайтынын біледі;

1.7. Жеке деректер Қоғам мен Субъект арасындағы құқықтық қатынастардың бүкіл мерзім уақытында өңделеді, және кез келген тасымалдағышта (электрондық, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасымалдағышта) сақталады. Қоғам жеке деректерді Қоғаммен құқықтық қатынастар тоқтатылғаннан кейін бекітілген стандартты он (10) жылдық мерзім уақытында сақталады.

1.8. Осы келісім Қоғамның қызметтерін алу үшін Субъект немесе ол өкілдік ететін заңды тұлға тарапынан, сондай-ақ мұндай заңды тұлғаның Қоғаммен шарт жасасуы кезінде пайдаланылуы мүмкін;

1.9. Осы келісім Қоғаммен үшінші тұлғаларға Субъект тарапынан жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім берілгендігін растау ретінде қолданылуы мүмкін.

2. Қоғамның Веб-ресурстары арқылы тіркелу фактісі, «Мен дербес деректерімді өңдеуге келісемін» жолына белгі («құсбелгі») қою, сондай-ақ Веб-ресурстар арқылы өтінімдерді жіберу, Қоғамның «Құпиялылық туралы хабарламасына» қосылғанын және Қоғамға Субъектіге қатысты деректерді, соның ішінде дербес деректерді және электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасымалдағыштарда тіркелген кез келген байланысты ақпаратты жинауға және өңдеуге өз келісімін бергенін растайтын және қабылдайтын әрекеттер ретінде танылады. Бұл деректер келесі санаттарды қамтуы мүмкін (бірақ олармен шектелмейді):

2.1. **Идентификациялық және байланыс деректері** (тұлғаны дұрыс сәйкестендіру / аутентификациялау / авторизациялау және байланыс орнату үшін, сондай-ақ сауалнамаларды толтыруға қажет мәліметтер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) – Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда); Тегі, аты, әкесінің аты өзгерісі туралы мәліметтер; Жеке басты куәландыратын құжаттың деректері (құжат атауы, нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі, берген орган); Байланыс телефондарының нөмірлері (ұялы, үй); Электрондық пошта; Жұмыс орны туралы мәліметтер (лауазымы, құрылымдық бөлімшесі – егер тұлға шарттық серіктестің өкілі болса); Жұмыс телефонының нөмірі (лауазымы, құрылымдық бөлімшесі – егер тұлға шарттық серіктестің өкілі болса); Корпоративтік электрондық пошта (лауазымы, құрылымдық бөлімшесі – егер тұлға шарттық серіктестің өкілі болса);

2.2. Жалпы (әлеуметтік-демографиялық) ақпарат (субъектінің әлеуметтік жағдайына, демографиясына, тіліне және азаматтық мәртебесіне байланысты сипаттамаларын көрсететін жалпы Дербес деректер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді) – Жасы, жас мөлшері; Туған күні және туған жері туралы деректер; Жынысы; Ұлты; Резиденттік мәртебесі; Қалаған тілі;

2.3. Мекенжай деректері (дербес деректер субъектісінің географиялық орналасуын анықтауға немесе оның тұрғылықты жеріне байланысты мәліметтер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) – Тұрақты/уақытша тұрғылықты мекенжайы; Қосылу нүктесінің мекенжайы; Пошталық мекенжай (индекс);

2.4. Операциялық және шарттық деректер (Қоғам көрсететін қызметтерді ұсынуға, операцияларды жүзеге асыруға, шарттарды немесе басқа да заңды маңызды әрекеттерді дербес деректер субъектісінің қатысуымен жасасуға және орындауға байланысты мәліметтер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей) – Жеке мүлік туралы жазбалар (тұрғылықты жерін/тіркелген орнын растайтын құжаттардан немесе тұрғын үйге меншік құқығын растайтын құжаттардан алынған мәліметтер, оның ішінде сатып алу-сату, жалға алу, жалдау, қосымша жалға алу шарттары); Жеке/жекеше кәсіпкерді (ЖК) тіркеу туралы куәлік; Жұмыс орны туралы мәліметтер (лауазымы, құрылымдық бөлімшесі туралы деректер); Шарттардың (келісімдердің), оларға қосымша келісімдердің мәтіндері, өтініштер мен келісімдер; Хат алмасу, қолтаңбалар (қолмен немесе электрондық), мөрлер, факсимиле; Операцияларды жүргізу туралы нұсқаулар (төлем, кассалық және басқа да құжаттар);

2.5. Пайдаланушының белсенділігі мен құрылғысы туралы деректер (сервистің жұмысын қамтамасыз ету, талдау және жекелендіру үшін пайдаланылатын техникалық және мінез-құлықтық деректер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) – Идентификаторлар және желілік деректер: құрылғының немесе прокси-сервердің IP-мекенжайы (динамикалық, статикалық, пулдар); құрылғылардың сериалық нөмірлері; MAC-мекенжай; Индекс интерфейсі (PPPoE); Логин (PPPoE); Жүйелік ақпарат: браузер түрі мен нұсқасы; операциялық жүйе нұсқасы; құрылғы моделі, платформа түрі; интернет қосылым параметрлері; тіл мен аймақтық баптаулар; Пайдаланушы әрекеттері туралы деректер (мінез-құлық деректері): кіру және іздеу тарихы; HTTP(S) тақырыптары, cookie файлдары, веб-маяктар (pixel tags); кіру күні мен уақыты; жүктелген файлдар; реферер мекенжайы (пайдаланушы келген бет); навигация және өзара әрекет (шертулер, айналдырулар, ауысулар, бетте болу уақыты және т.б.).

2.6. Клиенттер туралы қорытындыларды қалыптастыру немесе сегментациялау (қызметті жекелендіру және жетілдіру мақсатында веб-ресурстардағы пайдаланушылардың сатып алулары, қалаулары мен мінез-құлқы туралы деректер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) – сатып алынған және/немесе қарастырылған өнімдер немесе қызметтер туралы жазбалар, сондай-ақ сатып алу, тұтыну немесе мінез-құлық тенденцияларының басқа тарихы; Жеке профильдер, қалаулар, сипаттамалар және Веб-ресурстар пайдаланушыларының мінез-құлқы;

2.7. **Биометриялық, визуалды және аудиодеректер** (жеке басын сәйкестендіру және/немесе оқиғаларды тіркеу үшін пайдаланылатын мәліметтер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей) – бейнебақылау; аудиожазбалар; портреттік бейне (сандық фотосурет) адамды сәйкестендіру үшін пайдаланылатын дербес биометриялық деректер.

3. Осымен Мен келесі мақсаттардың әрқайсысы бойынша менің дербес деректерімді Қоғам жинайтыны және өңдейтіні туралы хабардар екенімді растаймын:

3.1. Субъектінің (Субъект өкілі болып табылатын тұлғаның) телекоммуникациялық және Қоғамның өзге де қызметтерін алу жөніндегі өтінімін қарастыру мақсатында;

3.2. Субъектіні Қоғамның Веб-ресурстарында тіркеу, аутентификациядан өткізу және пайдалану кезінде айқындау;

3.3. Қоғам мен Субъект арасында шарттар, келісімдер, өтінімдер, тапсырыстар және өзге де міндеттемелерді жасасу және орындау;

3.4. Қоғам сервистері көздейтін цифрлық өнімдердің функционалына, Веб-ресурстарға және басқа да мүмкіндіктерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3.5. Субъектімен кері байланыс пен коммуникацияны жүзеге асыру, оның ішінде хабарламалар жіберу, сұрауларға жауап беру, ақпараттық және жарнамалық материалдарды кез келген байланыс арналары арқылы (соның ішінде телефон қоңыраулары, SMS, мессенджерлер және электрондық хаттар) жолдау;

3.6. Қоғам қызметтерін пайдалану барысында туындайтын өтініштерді, шағымдарды және наразылықтарды қарау, сондай-ақ даулар мен жанжалдарды реттеу;

3.7. Қоғамның Веб-ресурстарын пайдалану кезінде туындайтын ақаулар, қателер мен өзге де мәселелер бойынша клиенттік және техникалық қолдауды қамтамасыз ету;

3.8. Сынылған дербес деректердің шынайылығы мен өзектілігін тексеру, қажет болған жағдайда ақпаратты нақтылау;

3.9. Көрсетілетін тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сапасын жақсарту, пайдаланушы тәжірибесін талдау, жаңа өнімдер, функциялар мен ұсыныстарды әзірлеу;

3.10. Ішкі процестердің тиімділігін арттыру және бизнес-операциялардың сапасын бақылау, оның ішінде персоналды оқыту және қызмет көрсетуді автоматтандыру;

3.11. Маркетингтік, статистикалық және аналитикалық қызметті жүргізу, соның ішінде Субъектілердің мінез-құлқын, сервистердің тиімділігін, жарнамалық науқандар мен қанағаттанушылық деңгейін зерттеу;

3.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде бухгалтерлік есепте пайдаланылатын бастапқы құжаттарды сақтау және есепке алу мақсатында;

3.13. Қоғамның құқықтарын сот және соттан тыс тәртіпте қорғау мақсатында (қолданыстағы шарттар (келісімдер) бойынша міндеттемелердің бұзылуы жағдайында; үшінші тұлғалармен дауларды қоса алғанда, даулы жағдайлар туындаған жағдайда);

3.14. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықты, заңбұзушылықтарды және құқыққа қайшы әрекеттерді анықтау, олардың алдын алу және тергеу;

3.15. Өзге тұлғалар тарапынан алаяқтық және құқыққа қарсы әрекеттер тәуекелдерін азайту мақсатында жеке басын сәйкестендіру және растау рәсімдерін жүргізу;

3.16. Қоғамның саясаттарын, пайдаланушы келісімдерінің шарттарын және қолданыстағы заңнаманы бұзатын теріс әрекеттер мен құқықбұзушылықтарды анықтау және жолын кесу;

3.17. Есепке алу жүйелерін, деректер базаларын, ішкі клиенттік және операциялық құжаттаманы жүргізу;

3.18. Субъектілердің қызығушылықтары мен артықшылықтарына негізделген жекелендірілген ұсыныстарды қалыптастыру және мақсатты жарнама ұсыну;

3.19. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұрауларын орындау.

4. Осы келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен ұсынылуы (немесе расталуы) мүмкін, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

4.1. Қағаз тасығыштағы жазбаша түрде;

4.2. Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат түрінде;

4.3. Сондай-ақ келісімді білдіретін кез келген өзге әрекеттер арқылы, мысалы: телефон немесе өзге байланыс құралдары арқылы растау; интернет-ресурстардағы арнайы белгіленген өрістерге белгі («қанат белгісі») қою; ақпараттық жүйелерде, бағдарламалық жасақтамада, сервистерде немесе аппараттық-бағдарламалық кешендерде келісімді білдіру ретінде нақты сәйкестендірілетін әрекеттер жасау (мысалы, ресурсты пайдалануды жалғастыру).

5. Тұлға Қоғамның ресми сайтында (<https://ttc.kz>) орналастырылған «Құпиялылық туралы хабарламамен» толықтай танысқанын және онда баяндалған ережелермен толық келісетінін растайды.

6. Тұлға, егер Қоғамның «Құпиялылық туралы хабарламасында» және осы «Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімінде» көрсетілген шарттармен келіспесе, Қоғамның Веб-ресурстарын пайдалануды тоқтатуға міндетті екенін растайды.